

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 маусымдағы N 875 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Нұртай Әбіқайұлы Әбіқаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

9

м а у с ы м д а ғ ы

N

8 7 5

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы  
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы  
ынтымақтастық туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 17 қаңтардағы мәдениет, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық саладағы ықпалдастықты тереңдету туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтарына оқу

орындарына түсуге тең құқықтар беру туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы Келісімнің 1-бабын назарға ала отырып,  
екі елдің арасындағы өзара тиімді қатынастарды дамытуға және нығайтуға ұмтыла отырып,  
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы ынтымақтастық халықтар арасындағы байланысты тереңдетуге және жақсы өзара түсіністікке ықпал ететініне сеніп отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптар:

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының білім беру ұйымдарының арасында ынтымақтастықтың орнауына және дамуына;

білім алушылармен, профессор-оқытушы құрамының өкілдерімен алмасуға,

Тараптар мемлекеттерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері айқындалатын олардың мүдделі білім беру ұйымдарының арасындағы шарттар негізінде Тараптардың мемлекеттерінде өткізілетін симпозиумдарға, конференцияларға және басқа форумдарға екі Тараптың да мемлекеттері білім алушыларының, ғылыми және педагогикалық қызметкерлерінің өзара қатысуына;

оқулықтармен және басқа оқу материалдарымен, мерзімді басылымдармен, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметінің әр түрлі аспектілері туралы ақпаратпен алмасуға жәрдемдеседі.

## 2-бап

Тараптар жыл сайын білім алушылармен баламалы алмасуды жүзеге асырады.

Қазақстан тарапы үш адамды - бакалавриат, екі адамды - магистратура, бір адамды - докторантура (Doctor of Philosophy (Ph.D)) бағдарламалары бойынша толық оқу курсына қабылдайды.

Беларусь тарапы жоғары білімнің бірінші деңгейіне - үш адамды, жоғары білімнің екінші деңгейіне (магистратура) - екі адамды, ғылым кандидатының ғылыми дәрежесін алуға (Doctor of Philosophy (Ph.D)) (аспирантура) - бір адамды оқуға қабылдайды.

## 3-бап

Қабылдаушы Тарап осы Келісімнің 2-бабына сәйкес алмасуға қатысушыларды оқуы үшін, оқу құралдарын, ғылыми-техникалық құжаттаманы, зерттеу жабдықтарын пайдаланғаны үшін төлемақыдан босатады және оларға:

оқуын, оқытатын елде қолданыстағы білім стандарттарының талаптарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді;  
өз мемлекетінің азаматтарымен тең жағдайда жоғары оқу орнының жатақханасында тұруды;

өз мемлекетінің денсаулық сақтау саласындағы ұлттық заңнамасы шеңберінде медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қабылдаушы Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес алмасуға қатысушыларға стипендия төлейді.

Көліктік шығыстарды төлеу алмасуға қатысушылардың өздерінің, жіберуші білім беру ұйымдарының, жіберуші Тараптың заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздердің есебінен жүргізіледі.

#### **4-бап**

Жіберуші Тарап жыл сайын 30 сәуірден кешіктірмей қабылдаушы Тарапқа ұсыныстар және осы Келісімнің 2-бабына сәйкес оқуға кандидаттардың қажетті құжаттарын ұсынады.

Қабылдаушы Тарап жыл сайын 30 маусымға дейін жіберуші Тарапты кандидаттарды қабылдау мүмкіндігі туралы хабардар етеді, қабылдайтын білім ұйымдарының атауларын және алмасуға қатысушылардың оқу мерзімін хабарлайды.

Жіберуші Тарап қабылдаушы Тарапқа оқудың басталуына дейін екі апта бұрын алмасуға қатысушылардың келетін күнін хабарлайды.

Қабылдаушы Тарап жіберуші Тарапты осы Келісім шеңберінде оқуға қабылданған алмасуға қатысушылардың орналасқаны туралы хабардар етеді.

#### **5-бап**

Тараптар басқа Тарап мемлекетінің азаматтарына оның тілімен, мәдениетімен, ұлттық тарихымен, әдебиетімен, географиясымен, әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік беретіндей жағдай жасауға ықпал етеді.

#### **6-бап**

Тараптар жоғары білім, ғылыми дәрежелер мен атақтар туралы құжаттарды тану және оның баламалылығын белгілеу мәселелері бойынша ақпаратпен алмасуға және консультациялар өткізуге жәрдемдеседі.

#### **7-бап**

Өзара келісім негізінде Тараптар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді және ғылыми зерттеулерді басқару жүйесімен және сол саладағы саясатпен танысу

үшін жоғары оқу орындары басшыларының және профессор-оқытушы құрамы өкілдерінің делегацияларымен алмасады.

## **8-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес басқа Тарап мемлекетінің сұрауларына сай оның жоғары оқу орындарында лекциялар оқу үшін және оқытушылық қызметті жүзеге асыру үшін тіл немесе басқа мамандықтар мұғалімдерін жібереді.

## **9-бап**

Осы Келісімнің 7 - 8-баптарында көзделген ынтымақтастықты қаржыландыру Тараптар мемлекеттерінің мүдделі жоғарғы оқу орындарының арасында жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асырылады, онда олардың құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері анықталады.

## **10-бап**

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:  
Қазақстан Республикасынан - Білім және ғылым министрлігі;  
Беларусь Республикасынан - Білім министрлігі Тараптардың уәкілетті органдары болып табылады.

## **11-бап**

Осы Келісімге екі Тараптың да келісімі бойынша хаттамалар нысанында осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **12-бап**

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **13-бап**

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату, егер Тараптар әрбір нақты жағдайда кері шешім қабылдаса, оның шеңберінде жүзеге асырылатын білім алушылармен алмасуға, осы Келісімнің қолданылуын тоқтату күніне дейін аяқталмаған жобаларға немесе бағдарламаларға әсер етпейді.

## 14-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзім ішінде қолданыста болады. Егер Тараптардың ешқайсысы кезекті бес жылдық кезеңнің аяқталуына дейін кемінде алты ай бұрын басқа Тарапқа оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермесе, осы мерзім өткен соң ол кейінгі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

*Қазақстан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының*

*Үкіметі үшін*